ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ
ХАТТАМАСЫ
№ 2

Қыркеңсе ауылдық округі 16 02 **2026 жыл**
Өткізілген орны: Әкімшілік ғимараты
Қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл әкімі және әкім аппараты мамандары
Жергілікті қоғамдастық кеңесінің төрағасы – Т. Абуов
Хатшы – Б. Байманов
Кеңес мүшелері:
1. Т. Абуов
2. Б. Мантаев
3. Е. Абдреймов
4. Р. Кенжебаев
5. Б. Ешпанов
6. А.Мейрманов
7. А. Дүсенбаев
Қатысқан кеңес мүшелерінің саны: _

КҮН ТӘРТІБІ:

Қыркеңсе ауылдық округінде жаңадан тұрғын үй салу мақсатында берілген жер учаскелеріне апаратын көшелерге тас төсеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алуды бір көзден шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қыркеңсе ауылдық округінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері берілгені туралы ақпарат тыңдалды.
Аталған аумақта тұрғындардың қоныстануын қамтамасыз ету, көлік инфрақұрылымына қолжетімділікті қалыптастыру және елді мекенді абаттандыру мақсатында көшелерге тас төсеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындағаны айтылды.
Көрсетілген жұмыстар елді мекеннің инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жұмыстар болып табылады және оларды уақтылы орындау тұрғындардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қажет.
Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес, жергілікті қоғамдастық жиналысының (кеңесінің) шешімі негізінде елді мекендерді абаттандыруға және инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жұмыстар бойынша мемлекеттік сатып алу бір көзден шарт жасасу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екені атап өтілді.
СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Жергілікті қоғамдастық кеңесінің мүшелері ұсыныстарды талқылай келе, жұмыстардың әлеуметтік маңыздылығын, шұғыл орындалу қажеттілігін және елді мекеннің дамуына тікелей әсерін ескере отырып, ұсыныстарды қолдайтындарын білдірді.

Scanned with CamScanner

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қыркеңсе ауылдық округінде жаңадан тұрғын үй салу үшін берілген жер учаскелеріне апаратын көшелерге тас төсеу жұмыстарыне жүргізу қажеттілігі мақұлдансын.

Аталған Жұмыстарды жүзеге асыру үшін мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес, бір көзден шар жасасу тәсілімен жүргізілсін.

Осы хаттама мемлекеттікі сатып алуды жүзеге асыруға заңды негіз болып табылсын және тиісті құжаттарды рәсімдеу Қыркеңсе ауылдық округі әкімі аппаратына ұсынылсын.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕСІ

«Қолдады»-7
«Қарсы»-0
«Қалыс қалды»-0

Жергілікті қоғамдастық кеңесінің төрағасы: **Т. Абуов**

Хатшы: **Б. Байманов**

Scanned with CamScanner